

«№75 Жалпы білім беретін орта мектеп» КММ



«Қамқор»

жобасы

«Бекітемін»

Мектеп директоры М.С.Наменова

« 5 » 09 2024 жыл

№ 75 жалпы білім беретін орта мектебінің

«Қамқор» жобасының 2024-2025 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары

Мақсат: Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу

№	Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі	қатысушылары	Орындауға жауаптылар	Қаржыландыру
1	«Birgemiz: Qamqor» акциясы (қарттар үйлеріне, жалғыз басты қарияларға көмек көрсету) «Қамқор» жобасы	Жыл бойына	Мектеп ұжымы, ата-аналар, білім алушылар	ДТЖО Әлеуметтік педагог жетекшісі	Талап етілмейді
2	«Birgemiz: Taza Alem» акциясы (қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу және т.б.)	Жыл бойына	Мектеп ұжымы, ата-аналар, білім алушылар	ДТЖО жетекшісі	Талап етілмейді
3	«Мейірімділік ошағы» акциясы (күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек пен қолдау көрсету)	Жыл бойы	Мектеп ұжымы, ата-аналар, білім алушылар	ДТЖО жетекшісі	Талап етілмейді
4	«Мектепке жол» акциясы аясында «Бар мейірім балаға» атты қайырымдылық кеш	Тамыз	Ата-ана демеушілер	ДТЖО Әлеуметтік педагог жетекшісі	Талап етілмейді
5	«»Табиғатқа қамқорлық жасаймыз! Бейсенбілік, сенбіліктер	Қыркүйек-Қазан Наурыз-Сәуір	«Жан жылуы» еріктілер клубы	Ақжігіт С	Талап етілмейді
6	«Мен - еріктімін» әлеуметтік желідегі фотоконкурс	қазан	«Жан жылуы» еріктілер клубы	Ақжігіт С	Талап етілмейді
7	«Ерікті болу - ерлік»	желтоқсан	«Жан жылуы» еріктілер клубы	Ақжігіт С	Талап етілмейді
8	«Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі	сәуір	«Жан жылуы» еріктілер клубы	Ақжігіт С	Талап етілмейді

Жетекшісі:

Ақжігіт Самал Беркінқызы

«Мектепке жол» акциясы


2024 -2025 жылдың жаңа оқу жылына дайындық уақытында өткізілген «Мектепке жол» акциясының мақсаты:

- * аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету;
- * баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу;
- * жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады.

№ 75 жалпы білім беретін орта мектебі ұжымының атынан берілген көмек



«Мектепке жол» дәстүрлі республикалық акция барысында, мектеп табалдырығын алғаш аттаған оқушыларға демеушілік танытып көмек көрсеткен жеке кәсіпкер Кенжебаев Болат Жандәулетұлына алғыс білдіреміз



Қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен екі балаға қаржылай көмек(сертификат) және екі балаға оқу құралдарымен толтырылған сөмкелертабысталды.

Жұмыла көрсетілген қайырымдылықтың арқасында оқушыларымыз оқу-құралдармен қамтамасыз етілді. Мәліметтер мектептің инстаграмм парақшасында жарияланды

<https://www.instagram.com/reel/CwzcWM MYpG/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>



«Birgemiz: Qatqor» акциясы

"Қарты бар ел - қазыналы ел" демекші, үлкенге құрмет көрсету, өмірлік тәжірибелері мен ақыл-кеңестері, тәлім-тәрбиесі бүгінгі ұрпаққа үлгі болатын қарияларымызды сыйлау, ізеттілік таныту - ата-бабаларымыздан келе жатқан салтымыз. Осы орайда талай жасты тәрбиелеп, өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге бола білген қарияларымызды аталмыш төл мерекесімен құттықтау мақсатында 75 Жалпы білім беретін орта мектептің ұжымы ауылдағы қарттардың үйіне барып, мерекелерімен құттықтап, сыйлықтар тарту етілді. Өз кезегінде қарттарымыз ризашылығын білдіріп, алғыстарын айтты.




«Birgemiz: Taza Alem» акциясы

(қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу және т.б.)

№ 75 ЖББМ балаларды қоршаған ортаға ұқыпты қарауға және өздерінің Кіші Отанына деген ықылассыз сүйіспеншілікке тәрбиелеу мақсатында мектепте «Таза бейсенбі» акциясы өткізілді, оның барысында оқушылар сынып жетекшілерімен бірге сыныпта, мектепте және мектеп аумағында тазалық жұмыстарын жүргізді. Достық ұжымымен сыныптар жұмысты үлкен ынтамен орындады. Акциясы аясында мектебімізде бейсенбілік жұмыстары жүргізілді. Бейсенбіліктің қоғамның назарын мектеп ауласын тазалығын сақтауға аударып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруда маңызы зор. Қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Тазалықты жанымызға серік етіп, бейсенбілікті қарқынды түрде жалғастырып келеміз.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ ЖАСТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ САНАСЫН ДАМУЫ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ!





№75 жалпы білім беретін мектебінде «Жан жылуы» еріктілер клубының жоспарына сәйкес «Ерікті іс-қайырымдылықтың бір қанаты» тақырыбында ұйымдастырылған қайырымдылық жәрмеңкесі

Қайырымдылық — халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. Шын мұқтазға жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске атсалысу — әрбір адамның азаматтық парызы.

Әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көпбалалы, тұрмысы қолайсыз отбасылардың балаларына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және басқа санаттағы балаларға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылған. Шара барысында мектеп оқушылары қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырып, жүректері жылуға, адамгершілік қасиетке толы екенін тағы бір дәлелдеді. Жәрмеңкеде оқушылар мен ата-аналар өз қолдарынан дайындаған тағамдарды санитарлық гигиенаны сақтай отырып сатты. Жәрмеңкеден түскен қаражатқа аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсету жағы қолға алынады.

Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам бастайды. Олай болса, әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларға көмек көрсеткен барша жанға үлкен ризашылығымызды білдіреміз, мектебімізде әлі де осындай игі істер жалғасын табады деген сенімдеміз.





Анықтама

«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» атты сенбілік жұмыстары өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға тазалықты, ұқыптылықты үйрету. Оқу ордасының тазалығын сақтау.

Сенбілікке 10 класс оқушылары қатысып, мектеп жанын тазалау жұмыстарын жүргізді.



«Қар тазалау» акциясы

2025 жылдың 17 қаңтар күні №75 жалпы білім беретін орта мектептің «Жан жылуы» еріктілер тобы Украинка тұрғын үй алабының жалғызбасты және егде жастағы тұрғындарына көмекке шықты. Олар аулалардың қарын тазалап, сарайлар мен жертөлелерге, сондай-ақ үйлерден кіреберіске дейінгі жолдарын тазалап берді.



«Жақсылық жасап жарысайық» акциясы

№ 75 ЖББОМ 20-желтоқсан 2024ж. «Жақсылық жасап жарысайық» акциясы аясында Жан жылуы» еріктілер тобының м.шелері, 9 «Ә» сынып оқушылары үйлерінен дәмді қолдандан пісірілген тағамдарын әкелді. Басты мақсат-себебісіз жақсылық жасап, адамның көңіл күйін көтеріп, жұмысқа деген құлшынысын арттыру. Еріктілер жасап әкелген тағамдарын кіре берістегі охранадан бастап, кіші қызметкерлер, кезекші мұғалімдер, директор, мамандар, мұғалімдер бөлмесіне кіріп жылы лебіздер жазылған қағазды таңдату арқылы тәтті тағамдарын ұсынды. Осылайша мұғалімдердің көңіл-күйін көтеріп, жылулық силады.

